

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰҚАУЛЫҒЫ

DEXP B281

Ұялы телефоны

Құрметті сатып алушы!

"DEXP" сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз Сізге сапаға, атқарымдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған және өндірілген бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Телефонды пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ телефонды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, телефонды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының міндеті

Ұялы телефон қоңырауларды қабылдауға және жасауға, сондай-ақ мәтіндік хабарламаларды қабылдауға және жіберуге арналған.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Жол қозғалысы қауіпсіздігі

Автомобильді басқару кезінде ешбір жағдайда ұялы телефонды пайдаланушы болмаңыз. Қоңырау шалу үшін гарнитураны қолданыңыз.

Әуе кемесіндегі қауіпсіздік

Әуе кемесінің бортында болған кезде телефонды пайдаланбаңыз. Ұялы желі сигналдары навигация жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін.

Қауіпті аймақтарда телефонды өшіру

Телефонды ықтимал жарылыс қаупі бар атмосферада немесе жанғыш заттар бар жерлерде өшіріңіз (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда).

Арнайы ережелерді сақтау

Ауруханаларда және басқа да қоғамдық орындарда телефонды пайдалану ережелерін сақтаңыз. Телефон медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі келтіруі мүмкін екеніне назар аударыңыз.

Қызмет көрсету

Ешқашан телефонды өз бетіңізбен бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Мұны арнайы рұқсаты бар адам орындауы керек. Бұл шарттың бұзылуы кепілдік міндеттемелердің күшін жояды.

Басқа құрылғылармен жалғау

Телефонды қандай да бір құрылғыға жалғамас бұрын, нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ешбір жағдайда телефонға қосуға арналмаған жабдықты жалғамаңыз.

Шұғыл қоңырау шалу

Шұғыл қоңырау шалу үшін телефон қосулы және қандай да бір оператор желісінің әрекет ету аймағында екеніне және қоңырау шалу функциясы белсенді екеніне көз жеткізіңіз. Шұғыл қоңырау шалу үшін әдеттегі телефон нөмірін тергендей, 112 жедел қоңырау шалу нөмірін теріп, қоңырау шалу батырмасын басыңыз. Төтенше жағдай қызметкеріне қайда екеніңізді және сізге не болғанын түсіндіріңіз.

Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс бойынша ұсыныстар


Құрметті пайдаланушы! Сіз сатып алған құрылғы қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумуляторды пайдаланатынына назарыңызды аударамыз. Төменде келтірілген ақпаратты мұқият оқып шығыңыз. Бұл өз кезегінде Сізге батареяның қызмет ету мерзімін ұзартуға және оны пайдалану кезінде жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі.



АКБ-ның табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ сақтау және пайдалану кезінде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша "АКБ") заряд пен сыйымдылықты жоғалту қасиетіне ие. Құрылғыны пайдалану кезеңінде 300 зарядтау циклынан кейін (құрылғыны пайдаланудың шамамен бір жылы) батареяның сыйымдылығы номиналды мәннен 80% дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады. АКБ сыйымдылығы 400 зарядталу-заряд біту циклынан кейін номиналды сыйымдылықтың 60%-на дейін төмендеуі мүмкін.

Көрсетілген шектер мен уақыт кезеңдеріндегі сыйымдылықтың ішінара төмендеуі — бұл АКБ-ның табиғи тозуы, және ақау болып табылмайды.



АКБ құрылғыдан бөлек сақталса да зарядын жоғалтады. Өздігінен зарядты жоғалту айына шамамен 5%-ды құрайды. АКБ өз құрылымы бойынша қысқа мерзімді және пайдаланылуына немесе пайдаланылмауына қарамастан үнемі тозады. Бұл деградация температура неғұрлым жоғары болса және заряд мөлшері "оңтайлы" (сақталу тұрғысынан алғанда), 40%-ға тең деп саналатын шамадан неғұрлым алыс болса, соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, зарядты 40-50% деңгейінде ұстаған жөн болады.

Аккумулятордың зарядтау/заряд жоғалту қабілеті оған орнатылған бақылағышпен басқарылады. Түпнұсқа жинақтамасына кірмейтін сыртқы зарядтаушы құрылғыдағы "жылдам зарядтау" мәжбүрлі режимдері қарсы көрсетілген, өйткені зарядтау және зарядты жоғалту тоқтары шектеулі.

АКБ-да "жад эффектісі" жоқ. Заряд жоғалтуды/зарядтауды АКБ зарядының кез келген деңгейінен бастауға болады. Көптеген құрылғыларда зарядтау/заряд жоғалту дәрежесі бойынша шектеу бар - бақылағыш АКБ-ны зарядтауға жол бермеуі мүмкін, мысалы, егер заряд 90%-дан асып кетсе. Сондай-ақ, ол АКБ-ның толығымен заряд жоғалтуына мүмкіндік бермейді, оның элементтерінің істен шығуына жол бермейді ("терең заряд жоғалту" әсерінен).

Егер АКБ 2 апта немесе одан да көп уақыт бойы заряд жоғалту күйінде болса, онда оның элементтеріндегі сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүреді, нәтижесінде АКБ істен шығады. Егер құрылғының АКБ-сы зарядын жоғалтып, біраз уақыт пайдаланылмаса, онда құрылғыны қайта іске қоспас бұрын оны шамамен 1-2 сағатқа 3Қ-ға жалғау керек.

Телефонды зарядтау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз

1. Зарядтау алдында батареяны құрылғыға салыңыз.
2. ЗҚ-ны құрылғыға жалғаңыз.
3. Зарядтаушы құрылғысының ашасын резеткеге қыстырыңыз.
4. Батарея деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталғанға дейін жыпылықтайды.
5. Зарядтау кезінде батарея әдетте қызады, бұл қалыпты жағдай.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз.

Олай болмаған жағдайда құрылғы зарядталмайды. Желінің кернеу деңгейі мен қуаты зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді. Осыдан кейін Сіз құрылғыны қолдануды бастай аласыз.

Температура режимін сақтаңыз

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек.

АКБ өте жоғары (50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануды нашар көтереді. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сонымен қатар оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарына жақын жерлерде қалдырмаңыз.

Бөлшектемеңіз, өртемеңіз, зақымдану іздері бар АКБ-ны пайдаланбаңыз

Ешбір жағдайда АКБ-ны өз бетімен бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы керек. Элементтерді тесу немесе жапыру, арты өрт пен жарылысқа ұласатын ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусында саңылауды пайда болған кезде элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сүтегі шығарылу реакциясы мен тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттар шығарады.

Егер АКБ штаттық режимде жұмыс істемей қалса, қандай да бір себептермен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т.б.), дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: АКБ-ның жұмыс уақыты желінің теңшеулеріне және басқа да көптеген факторларға байланысты болып келеді (процессорға жүктеме, LCD дисплейінің жарықтылығы және т.б.); нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдерінің шектеулі санына жол береді және біраз уақыттан кейін ауыстыруды қажет етуі мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ-ның жұмыс уақыты пайдалану режиміне және теңшеулерге байланысты болады.

Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз

Батареяны тек телефонның жеткізілім жинақтамасынан пайдаланыңыз. Аккумулятор батареясын басқа типті (сәйкес келмейтін) батареямен ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдануына әкеп соғуы мүмкін. Батареяны шығармас бұрын құрылғыны өшіріңіз.

Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіден көбірек уақыт алуы мүмкін. Егер телефонды қосу үшін батарея кернеуі жеткіліксіз болса, батареяны ұзақтау зарядтаңыз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді. Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз. Егер батарея жағымсыз иіс шығара бастаса немесе қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

Құрылғы сұлбасы



1. Сөйлеу динамигі.
2. Сол жақ функционалдық пернесі.
3. Навигация батырмалары.
4. Қоңырау қабылдау пернесі.
5. "*" пернесі / Бұғаттан шығару.
6. Оң жақ функционалдық пернесі.
7. ОК / Енгізу батырмасы.
8. Қоңырауды қайтару пернесі / қосу / өшіру пернесі.
9. Сандық пернетақта.
10. "#" пернесі / Үнсіз режим.
11. Құлаққапты қосуға арналған ағытпа (3.5 мм).
12. Мікро USB ағытпасы (зарядтау және ДК-мен синхрондау үшін).
13. Микрофон.
14. Камера.
15. Шам.

Жұмысты бастау



SIM-карта және жад картасы

SIM-картада телефон нөмірі, PIN-код (пайдаланушының жеке коды), PIN2-код, PUK-код (PIN-кодты бұғаттаудан шығарудың жеке коды), PUK2-код (PIN2-кодты бұғаттаудан шығарудың жеке коды), IMSI идентификаторы (мобильді абоненттің халықаралық сәйкестендіргіші), желі туралы ақпарат, Сіздің телефон кітапшаңыздағы контакті деректері және мәтіндік хабарламалар сияқты маңызды ақпарат бар.

Телефонды өшіргеннен кейін SIM-картасын салмас бұрын немесе шығарар алдында бірнеше секунд күтіңіз. SIM-картаны өте ұқыпты ұстаңыз, себебі SIM-картаның өзін және оның контактілерін өте оңай тырналап алуға немесе бүгіп алуға болады. Телефонды, оның керек-жарақтарын, сондай-ақ SIM-картаны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Жад картасы – бұл телефон ішіне орнатылатын ақпарат сақтау құрылғысы.

SIM-картаны және жад картасын орнату

1. Қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын бірнеше секунд ұстап тұрып телефонды өшіріңіз.
2. Телефонның артқы қақпағын ашыңыз.
3. Аккумулятор батареясын алып шығарыңыз.
4. SIM-картаның кесілген жиегі SIM-картаға арналған слоттың тиісті жағымен сәйкес келетіндей етіп тоқтағанша салыңыз, ал алтын түсті контактілері бар беттік жағы төмен қарау керек.
5. Жад картасын слотқа алтын түсті контактілерін төмен қаратып салыңыз.
6. Батареяны орнына салыңыз.
7. Артқы қақпақты абайлап жабыңыз.



Кодты қолдану

Телефон мен SIM-картада қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құрылғыны рұқсатсыз пайдалануға жол бермеуге арналған көптеген құпиясөздер болуы мүмкін.

Сұратылған кезде құпиясөзді енгізіп, растау баытрмасын басыңыз. Қате құпиясөзді енгізген кезде жаңа құпиясөзді енгізер алдында дұрыс емес құпиясөзді жою үшін оң жақ функционалдық батырмасын басыңыз.

Телефонды бұғаттау

Құрылғыны рұқсатсыз пайдалануды болдырмау үшін телефонды бұғаттау құпиясөзі қолданылады. Әдепкі құпиясөз – **1234**. Телефонды бұғаттағаннан кейін, құрылғының әртүрлі функцияларын пайдалану үшін бұғаттаудан шығаруға арналған құпиясөзді енгізу қажет болады.

PIN-код

PIN-код (4-8 саннан тұратын жеке сәйкестендіру коды) Сіздің SIM-картаңызға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау үшін қолданылады. PIN-кодты әдетте ұялы байланыс операторы SIM-картамен бірге ұсынады.

Егер PIN-кодты тексеру функциясы іске қосылған болса, телефон қосылған сайын осы PIN-кодты енгізу қажет болады.

Бұғаттаудан шығару:

- SIM-картаны бұғаттан шығару үшін дұрыс PIN-кодты енгізіңіз.
- Жаңа PIN-кодты енгізіңіз және растау үшін ОК батырмасын басыңыз.
- Жаңа PIN-кодты тағы да бір рет енгізіңіз және растау үшін ОК батырмасын басыңыз.
- Егер Сіз дұрыс PUK-кодын енгізген болсаңыз, SIM-карта бұғаттаудан шығарылады, ал PIN-код нөлденеді.

Назар аударыңыз: қате PIN-кодты үш рет енгізгеннен кейін SIM-карта бұғатталатын болады. SIM-картаны бұғаттаудан шығару ұялы байланыс операторы ұсынған PUK-код арқылы жүзеге асырылады.

PUK-код

PUK-код (PIN-кодты қалпына келтіру үшін қолданылатын құпиясөз, 8 сан) бұғатталған SIM-картаны қалпына келтіру үшін қолданылады және SIM-картамен бірге ұялы байланыс операторымен ұсынылады. Әйтпесе, ұялы байланыс операторына хабарласыңыз. Егер қате PUK-код қатарынан 10 рет енгізілсе, SIM-карта біржола бұғатталады. SIM-картаны ауыстыру үшін ұялы байланыс операторына хабарласыңыз.

Телефонды қосу және өшіру

Телефонды қосу немесе өшіру үшін қуат батырмасын басыңыз. Қажет болған жағдайда PIN немесе UPIN кодын енгізіңіз (экранда **** түрінде бейнеленеді).

Желіге қосылу

SIM-карта салынып, телефон қосылғаннан кейін құрылғы автоматты түрде қол жетімді желіні табады. Осыдан кейін телефон белсенді пайдалану режиміне өтеді. Экранда пайдаланылып жатқан желінің атауы көрсетіледі және Сіз шығыс қоңыраулар жасап, кіріс қоңырауларын қабылдай аласыз.

Шығыс қоңыраулар

Қажетті нөмірді теріп, қоңырауды қабылдау/орындау батырмасын басыңыз.

Гарнитураны қолдану

Гарнитураны қосқаннан кейін телефон автоматты түрде дауыстық профильді қолдау режиміне өтеді.

Бас мәзір

Контактілер

Телефон кітапшасында контактілер (ең көбі 300 контакті) жайлы толық ақпаратты, соның ішінде есімдер мен телефон нөмірлерін сақтай аласыз. SIM-картада сақтауға болатын нөмірлер саны SIM-карта операторына байланысты.

Хабарламалар

Сіз мәтіндік хабарламаларды ала және жібере аласыз. Ол үшін негізгі мәзірдің "Хабарламалар" атты бөлімін пайдаланыңыз.

Қоңыраулар

Кіріс және шығыс қоңырауларын және олардың ұзақтығын қарау мүмкіндігі.

Телефонда барлық кіріс және шығыс қоңыраулар (байланыс орнатылмаса да) туралы ақпарат сақталады. Тізімде бірінші болып соңғы қоңыраулар көрсетіледі.

Ескерту: телефонда нақты абонентпен соңғы сөйлесу туралы ақпарат сақталады.

Теңшеулер

Телефон теңшеулері

Уақыт пен күн: күнді, уақытты, олардың форматын теңшеу.

Ескерту: егер сіз батареяны телефоннан шығарсаңыз немесе батарея ұзақ уақыт зарядталмаса, күн мен уақыт теңшеулері бұзылады, сондықтан батареяны телефонға салғаннан кейін немесе батареяны зарядтағаннан кейін күн мен уақытты қайта орнатуға тура келеді.

Тіл: мәзір тілін таңдау.

Енгізу әдісі: енгізу әдісін таңдау. **Экран:** бұл мәзірде суреттерді өзгертуге, экранның жарықтылығы мен жұмыс уақытын реттеуге болады.

Теңшеулерді қалпына келтіру

Сіз өзіңіз орнатқан барлық теңшеулерді әдепкі қалпына келтіре аласыз. Әдепкі құпиясөз – 1234.

Қауіпсіздік теңшеулері

PIN-код: телефонды қосқан кезде PIN-кодты сұрату функциясын қосуға/өшіруге болады.

Бұл функция белсендірілген жағдайда, телефонды әр қосқаннан кейін PIN-кодты енгізу керек болады. Қате PIN-код үш рет енгізілген болса, Сізге SIM-картаны бұғаттаудан шығару үшін PUK-кодын енгізу керек. PUK-коды PIN-кодты бұғаттаудан шығару және өзгерту үшін қолданылады. Егер PUK-кодын жоғалтсаңыз, ұялы байланыс операторына хабарласыңыз.

PIN2-кодын өзгерту: Сіз PIN2-кодын өзгерте аласыз.

Телефонды бұғаттау: бұл функцияны қосуға/өшіруге болады. Осы функцияның көмегімен Сіз телефонды бұғаттап/бұғаттаудан шығарып ала аласыз. Ол үшін телефонды бұғаттау құпиясөзін енгізу керек. Егер телефон бұғаттаулы болса, телефонды қосқан кезде оны бұғаттаудан шығару үшін Сізге құпиясөзді енгізу қажет болады. Әдепкі құпиясөз – 1234.

Телефон құпиясөзін өзгерту: әдепкі құпия сөзді өзгертуге болады.

Аудиоойнатқыш

Бұл функция аудио файлдарды тыңдауға мүмкіндік береді. Басқару навигация батырмаларымен жүзеге асырылады: ойнату/ ойнатуды кідірту ("ОК" орталық пернесі), алдыңғы файлға оралу/келесіге өту ("солға"/ "оңға" навигация пернелері), алға жылдам айналдыру ("оңға" навигациялық пернелерін басу және ұстап тұру), артқа жылдам айналдыру ("солға" навигациялық пернелерін басу және ұстап тұру). Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе азайту үшін "#"/ "*" пернелерін пайдаланыңыз.

Мультимедиа

Галерея

Жад картасынан суреттерді (тек телефон қолдайтын форматтарда) қарау мүмкіндігі.

Бейнекамера

Телефон бейнені жазу және түсірілген бейнелерді ойнату функциясын қолдайды. Жазуды бастау үшін орталық пернесін басыңыз, жазбаны кідірту үшін оны қайтадан басыңыз. Теңшеулерде жыпылықтауды басуға және бейне сапасын таңдауға болады. Файлдар тек жад картасында сақталады.

Бейнеойнатқыш

Бұл функция бейне файлдарды көруге мүмкіндік береді. Басқару әр түрлі батырмалардың көмегімен жүзеге асырылады: ойнату/кідірту ("OK" орталық пернесі), алға айналдыру ("оңға" навигациялық пернелерін басу және ұстап тұру), артқа айналдыру ("солға" навигациялық пернелерін басу және ұстап тұру); дыбыс деңгейін жоғарылату немесе азайту үшін "#" / "*" пернелері.

Диктофон

Диктофон аудио файлдарды AMR және WAV форматында жазады.

FM-радиосы

Бұл функция автоматты іздеу арқылы табылған радиоарналарды немесе сақталған арналарды тыңдауға мүмкіндік береді. Басқару навигация батырмаларымен жүзеге асырылады: радионы қосу/өшіру – "OK" орталық пернесі, келесі/алдыңғы радиостанцияға ауысу – "оңға" / "солға" навигациялық пернелері. Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе азайту үшін "#" / "*" пернелерін пайдаланыңыз.

Сонымен қатар, Сіз радионы тыңдау кезінде қосымшаны ықшамдап, телефонның басқа функцияларын пайдалана аласыз.

Ойындар

Телефонда келесі ойын орнатылған: Жад.

Профильдер

Сіз өзіңіздің телефоныңызға сәйкес профильді таңдай аласыз: "жалпы", "үнсіз", "вибрация" және "көшеде".

Менің файлдарым

Телефон жад картасын (сыйымдылығы 32 Гб дейін) қолдайды. Жад картасындағы және телефондағы файлдарды басқару үшін файлдар диспетчерін пайдалануға болады.

Органайзер

Калькулятор

Калькулятор қосу, азайту, көбейту және бөлу амалдарын жасай алады.

Bluetooth

Bluetooth технологиясының көмегімен кез келген үйлесімді құрылғымен сымсыз байланыс орнатуға болады. Сондай-ақ, осы технологияның көмегімен Сіз суреттерді, бейнелерді, әндерді және кез келген басқа файлдарды жібере аласыз. Алынған файлдар автоматты түрде жад картасына сақталады.

Оятқыш

Оятқыш сигналының уақытын, қоңырау үнін және қайта сигналдың аралығын орнату.

Шам

Қараңғыда жол табуға мүмкіндік береді. Шам 0 пернесін ұзақ басу арқылы қосылады.

Күнтізбе

Әдемі әрі көрнекі. Айлар бойынша қарау.

Камера

Камера параметрлерінде жыпылықтауды басуға, ақшыл теңгерімді, фотосуреттің сапасы мен өлшемін теңшеуге болады.

Компьютерге қосылу

USB-ағытпасы

Телефонның жад картасын USB дискісі ретінде пайдалануға болады.

USB кабелінің көмегімен музыканы, бейнелерді және басқа да файлдарды кез келген жерде және кез келген уақытта компьютерден жад картасына жіберуге болады.

Техникалық сипаттамалары

1. Моделі: B281.
2. Екі стандартты SIM-карта.
3. Қолдау көрсетілетін жиілік диапазоны: GSM 850/900/1800/1900 МГц.
4. Экран өлшемі: 240x320 пиксель, 2.8".
5. Телефон кітапшасы: 300 контакті.
6. Bluetooth, 2.1 нұсқасы.
7. FM-радио.
8. Мәтіндік хабарламалар.
9. Аккумулятор батареясы: литий-ионды, 1000 мАсағ.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Өндіруші мен тұтынушыда құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80% -дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамада жүзеге асырылуы керек. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорындан білуге болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Ин Тай Электроникс Ко., Лтд.

1103 бөлме, Хан Сэн Монгкок ғимараты, 677 Натан тас жолы, Монгкок, Коулун, Гонконг.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі" 020/2011 КО ТР Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақталуы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Кепілдік талоны

Моделі: _____

SN/IMEI: _____

Құны: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші осы өнім үшін 1 жылға кепілдік мерзімін белгілейді және өнімде материалдар, құрастыру ақауларының болмауын қамтамасыз етеді, кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуге кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызметі өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз ақаулы жабдықтың қызмет көрсету орталықтарының аумағында ақысыз жөндеуін немесе ауыстыруын қамтиды.

Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған өнімнің қызмет ету мерзімі пайдалану ережелері сақталған жағдайда 2 жылды құрайды.

Өндіруші жиынтықтық аккумулятор батареясы мен зарядтау құрылғысына 6 ай кепілдік мерзімін және 1 жыл пайдалану мерзімін белгілейді.

Басқа да жиынтықтық аксессуарларға кепілдік мерзімі – 3 ай, пайдалану мерзімі – 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі мекенжайы бойынша:

<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>



www.dexp.club